



ЕРЛІК

Майданда да, еңбекте де алғы шепте болды

Уақыт зымырап өтіп жатыр. Иә, ойлап қарасақ со кезде шексздей көрінген соғыстың жеңіспен аяқталғаны, тіпті одан бөзі де аттай жетпіс үш жыл өтіп отырғанның өзі бір адамның тұмырындай көрінеді. Со бір ұмығуға болмайтын арпалысты сезеңдер, майданда талай қан жоса болып дәлшыққа батып жатқан, жаралы қол-аяғын сүйреге басқан жауынгерлер ерлігі ұмытыла ма?

1942 жылдың қақпан қаңтарында Сағынай Бокін Шалқардан майданға аттанды. Ең алғашында Чкалов қаласында қысқа мерзімді әскери дайындықтан өтті. Содан соң маусым айында №685 полк құрамында танк пүлеметшісі болып Сталинградты қорғауға қатысты. Осы кез тістері сақылдақан аш қасқырдай фашистердің құтырған шағы еді.

Соғыстың жеңіл жері бар ма? 1942 жылдың тас қайнатқан шілдесі Сталинград майданы әскерлерінің неміс басқыншыларымен қырқысқан көртежіп тұрған шағы болатын. Бул жойқын шайқас еш бөсе-деместен алты жарым айға созылды. Осы кезде немістердің аяусыз бомбалауынан алып мұнай бактері жарылып, одан Волгаға аққан мұнайдың жанғаны, зәулім гимназтар мен көпірлердің қирағаны, әйел, бала-шаға, қариялардың қырылғаны адам жаны түршігерлік жайт еді. Сол ала қиғаш арпалыста соғысты. Осындай от пен оқтың қалың ортасында фашистермен шайқаста оң мығына снаряд жарқыншағы тиіп ауыр жарақаттанып, госпитальға түсті. Онда он екі күн ауыр жәлде жатып, біраз емделіп шыққан соң қайтадан соғысқа түсті.

Сағынай Бөкин 1942 жылғы қарашаның қара суығынан бастап 1943 жылдың тамызына дейін №234 полк құрамында болды. Күнделікті көріп, арасында арпалыса жүрген қиямет-қайым майдан көріністері, қирап төңкерілген танктер, зеңбіректер, басқа да қару-жарақ, әскери техникалар, оққа ұшқан жауынгерлер қаншама? Бораған оқ пен жанған оттан бірді-бір ажыратып болмайтындай жағдайда. Көз алдында өлпеді ғана бірге жүрген майдандастар оққа ұшып, көз жұмып жатқанда фашистерге деген ыза-көк бойын бұлықтырып, зыңырданып қайнатады. Жалғыз ол емес-ау, әрбір жауынгерді намыс оты шарпып, кек қайтаруға итермелейді. Өйткені, дәл осы кезде Сталинград шайқасына екі жақтан екі миллионнан астам адам, 26 мың орудия, миномет, 2500-ге жуық самолет, 2000 танк қатысқан еді. Міне, солардың арасында Сағынай Бөкин де болды.

Ол 1943 жылдың тамызынан бастап №828 полкте сапесу болып қызмет етті.

Майданның алты шебінде жүріп ел-жұртын, Отанын адал қорғағанының белгісіндей Сәкеннің тұла-бойында жарақат орыны жеткілікті еді. Олар самайында, жақ сүйегінде, қол-аяғында да болды. 1944 жылдың сәуірінен №338 полк құрамында рота старшинасы шенінде соғыса жүріп талай жараланды. Бірде госпитальда, кейде санитарларға жарағарын тандырып алып, майданның ең ауыр тұстарында шайқасты. Сөйтіп, елге соғыс біткен соң, 1945 жылдың аяғында, дәлірек айтқанда желтоқсанда оралды. Сәкеннің омырауына тағылған «Отан соғысы» ордені, «Сталинградты қорғағаны үшін», «Германияны жеңгені үшін», екі мәрте «Ерлігі үшін», басқа да көптеген медаль-наградалары ерлігінің айғағындай.

Ол өмірінше «Сарыбулақ» совхозында маңдай алды механизатор болып еңбек етті. Бұл еңбектері де жоғары бағаланып, «Тың жерлерді игергені үшін» алған медалі де бар.

Сағынай ақсақал ауданымызда белгілі болған Есентүгел жыраудың інісі. Өз де елтеп домбыра тартатын, қолы елті, көңілі серпек адам болды. Ұзақ жыл ауыл шаруашылығын өркендетуге өз үлесін қосқан Сәкен өзімен қоса ағарған Күміс апай екеуі бала-шағаларының қызығына бөленіп, өмірден өтті.

Үшінші топтағы соғыс мүгедегі, Сәкеннің майдандағы және бейбіт өмірдегі жанқиярлық ерлігі мен қыруар еңбегін ел-жұрты ескереді.

С.ҚАРИН.